

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

№ 04 ХАТТАМА

22 қараша 2024 жыл

Ғылыми кеңес мәжілісі

Төраға: ректор, философия докторы (PhD) Г.К. Тасбергенова

Хатшы: ғылым кандидаты, доцент Ш.А. Аманжолова

Қатысқандар: 28 адам (Келу парағы хаттамаға қоса тіркеледі);

Қатыспағаны: 3 адам: Н.А. Ертаева, Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы; А.С. Нусупова, «Вокал және дирижерлеу» факультетінің деканы, Ж.А. Жұмаш, «6B02123 – Арт-менеджмент» мамандығы бойынша 3 курс студенті (денсаулықтарына байланысты).

Күн тәртібінде:

1) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына орай өткізілетін «Жаһандық әлемнен кейінгі өнер: метадәстүрден метамәдениетке дейін» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға дайындық барысы туралы (Г.З. Бегембетова, Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор);

2) 2024 жылы бітірушілердің жұмысқа орналасу нәтижесі туралы (Н.Т. Кулданов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор);

3) Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының 2024-2025 оқу жылына арналған жоспары мен болашағы туралы (Б. Бабижан, Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі);

4) Профессор-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерді ведомстволық наградаларға ұсыну туралы (Г.К. Тасбергенова, ФК төрағасы, ректор);

5) Әртүрлі.

5.1 «*Sanalı Urpaq*» мен «Дебют» студенттік театр клубтарының Ережелерін бекіту туралы (Н.Т. Кулданов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры);

5.2 Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Құрметті профессор» атағын беру туралы (Г.К. Тасбергенова, Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD)).

КІРІСПЕ СӨЗ:

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Қайырлы күн, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Мәжілісті бастамай бұрын, рұқсат етсеңіздер, Консерваториямыздың ұстазы Курамбаева Гульнара

Толегеновнаны мерейлі жасымен құттықтасақ. Жақында ғана бұл ұстазымыз ҚР мемлекеттік сыйлығы – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері құрметті атағына ие болды. Гульнара Толегеновна, Сіз өнегелі еңбегіңізбен, тындырымды ісіңізбен және қарапайым да парасатты мінезіңізбен үлкен абырой-беделге ие болған ұжымымыздың тәжірибелі, үздік маманысыз. Туған күніңіз құтты болсын! Әрдайым еңбегіңіз жана берсін, жаңа биік жетістік шыңдарына көтеріле беріңіз деп тілейміз.

Ғылыми кеңестің кезекті мәжілісін ашық деп жариялаймын. Күн тәртібіндегі алғашқы сұраққа ауыссақ.

1. ТЫҢДАЛДЫ: Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректоры Г.З. Бегембетованың Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына орай өткізілетін «Жаһандық әлемнен кейінгі өнер: метадәстүрден метамәдениетке дейін» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға дайындық барысы туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Г.З. БЕГЕМБЕТОВА – Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына орай өткізілетін «Жаһандық әлемнен кейінгі өнер: метадәстүрден метамәдениетке дейін» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға дайындық барысы туралы ақпаратты ұсынамын.

2024 жылдың 2 желтоқсанында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына орай «Жаһандық әлемнен кейінгі өнер: метадәстүрден метамәдениетке дейін» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді.

Қазіргі заманғы өнер классика мен жаңа шығармашылық формалар, этникалық және жаһандық, нақты және виртуалды әлем сияқты әртүрлі әсерлер мен бағыттар арқылы байланысуда. Музыка музыкалық жанрлар шегінен шығып, визуалды және дыбыстық элементтерді біріктіре отырып, кино мен бейнелеу өнеріндегі, театрдағы көркемдік дизайнның маңызды бөлігіне айналууда. Қазіргі уақытта өнер қайраткері уақыттың, дәстүрдің, өнер мен мәдениеттің өзара синхронды және диахрондық түйісуінде қызмет етуде. Ол «мета —» түбірімен жаңа шындықты құруға белсенді қатысады. Шығармашылық ортаны жасаушылар мен орындаушылардың, ақпарат пен оны жеткізушілердің өзара бірігу тәсілдерін тез өзгертетін технологиялық прогресс жеке қызығушылық тудырады. Осы арқылы өнердің жаңа ағымдар мен шындықтарға ие бола отырып, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлермен терең байланысты қалай жоғалтпауға болады деген мәселелер өнер саласындағы білімге айрықша міндет жүктейді. Өз

айналасында жаңа тенденциялар мен шындықтарды қосқанда, өнердің, дәстүрлер мен мәдениеттердің өзара әрекеттестігі және оның қазіргі білім берудегі көрінісі біздің конференциямыздың жұмыс бағыттарының негізіндегі көптеген мәселелерді тудырады:

- 1) музыка мен мәдениеттегі метамодерн: жаңа тәсілдер мен түсіндірмелер;
- 2) жаһандық әлемнен кейінгі өнер және оның музыкалық мұра мен мәдени бірегейлікке әсері;
- 3) инновациялар мен дәстүрлер: метамодерн дәуіріндегі музыкалық білім;
- 4) сандық дәуірдегі музыка: технологияның шығармашылық пен қабылдауға әсері;
- 5) жаһандық сын-қатерлер және жергілікті шешімдер: Музыка мәдени дипломатияның құралы ретінде;
- 6) қазақ музыкасы метамодерн контекстінде: дәстүрлер мен инновациялар;
- 7) метамодернизм контекстіндегі дәстүрлі, академиялық және бұқаралық музыка;
- 8) музыкалық менеджмент және цифрландыру: қазіргі заманғы өнердегі қиындықтар.

Мерейтойлық конференция аясында сессиялық отырыстар мен концерттер өтеді.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, ағылшын және орыс. Баяндама түрінде немесе концертте шығармашылық нөмір түрінде қатысуға болады. 2024 жылғы 1 қарашасына дейін Ұйымдастыру комитеті Google-формада жасалған сілтеме бойынша өтінімдер қабылданды. Баяндамалары бағдарламаға қабылданған барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Конференция өз жұмысын сағат 10.00 де Пленарлық мәжіліспен бастайды. Ол Ұлттық кітапхананың (Абай даңғылы, 14 үй) Конференц-залында өтеді.

Пленарлық мәжіліс Қазақстан Республикасының ақпарат және мәдениет министрі Аида Ғалымжанқызы Балеваның; ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор Дүйсен Құрабайұлы Қасейіновтың; Қазақстан Республикасы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитеті төрағасының орынбасары Рустам Рахимұлы Музафаровтың; ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор Серік Тұрарұлы Сейдумановтың; М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер Институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Кенжехан Сламжанович Матыжановтың; Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының Федерациясының коммуникация және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Вице-президенті Сабина Серікқызы Ақжарованың; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры, философия докторы (PhD) Гаухар Қошқарбекқызы Тасбергенованың; Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры Бибігүл Нұрғалиқызы Нүсіпжанованың; Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ

ұлттық өнер академиясының ректоры, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Арман Әділханұлы Жүдебаевтің және Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры, профессор Нұртаза Раушан Сабыржанқызының құттықтау сөздерімен басталады.

Алматы мен Астананың жетекші музыкатанушылары мен ғалымдары Консерваторияның тарихы, қазақстандық музыкатанудағы негізгі тенденциялар туралы баяндамалар жасайды. Олар Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымдарының докторы, «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры (БҒСБК) Сәуле Ысқаққызы Өтеғалиева, Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор, өнертану ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Г.З. Бегембетова, Қазақ ұлттық өнер университеті «Музыкатану және фортепиано» факультетінің деканы Дмитрий Валерьевич Останькович және Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, өнертану ғылымдарының докторы Үмітжан Рахметоллақызы Жұмақова.

Баяндамашылар арасында Конференцияның құрметті қонақтарыда бар. Олар Австрия, Ресей және Өзбекстан мемлекеттерінің белгілі музыкатанушылары. Пленарлық мәжілісте қонақтарда баяндамалар жасайды, Вена музыка және орындаушылық өнер университетінің профессоры Ульрих Моргенштерн, П. Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясының профессоры Маріна Валерьевна Карасева және Өзбекстан Мемлекеттік консерваториясының профессоры, өнертану ғылымдарының докторы Шойиста Ганиханова.

Пленарлық мәжілістің жүргізушісі – Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректоры Г.З. Бегембетова.

Түскі демалыстан кейін конференция жалғасын табады, яғни 4 секциялық мәжілістерде келесі тақырыптық бағыттар бойынша 50-ден астам баяндамалар тыңдалады:

1 секция. Музыка мен мәдениеттегі метамодерн: жаңа тәсілдер мен түсіндірмелер. Ұлтық кітапхананың Конференц-залында өтеді. Модератор – Валерия Ефимовна Недлина, өнертану ғылымдарының кандидаты, «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті. Баяндамалар саны – 8.

2 секция. Инновациялар мен дәстүрлер: метамодерн дәуіріндегі музыкалық білім. «В» корпустағы Конференц-залда өтеді. Модератор – Айзада Зейкеновна Бултбаева, өнертану ғылымдарының кандидаты, «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті. Баяндамалар саны – 8.

3 секция. Метамодернизм контекстіндегі дәстүрлі, академиялық және бұқаралық музыка. «А» корпусының 213 аудиториясында өтеді. Модератор – Гульмира Жаксыбековна Мусагулова, өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор, «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы. Баяндамалар саны – 13.

4 секция. Қазақ музыкасы метамодерн контекстінде: дәстүрлер мен инновациялар. А. Жұбанов атындағы Кіші залда өтеді. Модератор – Бағлан

Жолдасқызы Бәбіжан, философия докторы (PhD), аға оқытушы, Фольклорлық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшісі. Баяндамалар саны – 20.

Мерейтойлық конференцияға қатысушылардың жалпы саны 100-ден астам адамды құрайды, оның ішінде Астана, Алматы, Өскемен, Талдықорған, Шымкент, Тараз, Ақтау қалаларындағы ғылыми ұйымдардың өкілдері, оқытушылар, магистранттар, шығармашылық жоғары оқу орындарының докторанттары, музыкалық колледждер мен мектептердің оқытушылары бар.

Конференция тақырыбына Ресей, Беларусь, Өзбекстан және Қытай елдерінің музыкатанушылары ерекше назар аударып отыр. М.И. Глинка атындағы Новосибирск консерваториясы, С.В. Рахманинов атындағы Ростов мемлекеттік консерваториясы, Л.В. Собинов атындағы Саратов мемлекеттік консерваториясы, Астрахань мемлекеттік консерваториясы, Челябинск мемлекеттік мәдениет институты, Беларусь мемлекеттік музыка академиясы, Өзбекстан мемлекеттік консерваториясы, Цзянси қаржы-экономикалық университеті (Наньчан, Қытай) оқытушылары өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен бөліседі.

Конференция қорытындысы бойынша республикада кәсіби академиялық және дәстүрлі музыкалық білім беруді дамыту, жаһандық, аймақтық және ұлттық контексте мәдениеттегі соңғы өзгерістерге шығармашылықпен жауап беретін тез және жылдам орындай алатын композиторлар, музыкатанушылар, дирижерлер, вокалисттер, аспапта орындаушылар мен өнер менеджерлерін даярлау бойынша ұсыныстар бар резолюция қабылданады.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Құрметті әріптестер, Ғалия Зайнақұловна конференция өте жоғары деңгейде өтуі тиіс. Осыған орай, міндетті түрде келесі іс-шаралардың жүргізілуін талап етемін:

1) Консерваториямыздың 80 жылдығына орай өткізілетін барлық іс-шаралар Қазақстан бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде таратылады. Осыған орай, әр бір іс-шара туралы ақпараттың есебі жан жақты және әртүрлі болуы тиіс;

2) Конференция міндетті түрде оркестрдің орындауындағы салтанатты күйден басталуы керек;

3) Консерваторияның барлық ғимараттарында іс-шаралар өтетін концерт залдарына, аудиторияларға, асханаға, дәретханаларға жол көрсететін навигациялар орнатылсын;

4) «Арт-менеджмент» мамандығының барлық студенттері волонтерлік қызметін атқаратын болады. Оларға арнайы көк түсті костюмдер алдық. Волонтерларымыз барлық қонақтарға барынша қызмет көрсетулері тиіс.

С.И. УТЕГАЛИЕВА – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымдарының докторы, профессор (БҒСБК):

Қайырлы күн, құрметті әріптестер. Барлықтарымызды 80 жылдық мерейтоймен құттықтаймын. Осы уақыт ішінде Республикамыздағы заман талабына сай дамып, бүгінде халқымызға өнер саласында дәйекті білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салған, өзіндік брэнді қалыптасқан өнер бағытындағы білім мен ғылымның қара шаңырағына айналды. Алда өтетін конференцияда қазіргі заманғы өнердің жағдайы, яғни классика мен жаңа шығармашылық формалардың, этникалық және жаһандық, шынайы және виртуалды әлем сияқты әртүрлі әсерлер мен бағыттар арқылы байланысуда екенін талқылайтын боламыз. Келіп түскен баяндамалардың барлығы өте қызықты. Міндетті түрде музыкалық мектептерден бастап барлық өнер бағытындағы ЖОО мен колледж оқытушылар, докторанттар, магистранттар және студенттер үшін қызықты болатыны сөзсіз.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

«Жаһандық әлемнен кейінгі өнер: метадәстүрден метамәдениетке дейін» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға дайындық барысы туралы ақпарат қабылдансын. Және жоғарыда айтып өтілген тапсырмалар орындалсын.

1. ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына орай өткізілетін «Жаһандық әлемнен кейінгі өнер: метадәстүрден метамәдениетке дейін» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға дайындық барысы туралы ақпарат қабылдансын. Және жоғарыда айтып өтілген тапсырмалар орындалсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

2. ТЫҢДАЛДЫ: Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Н.Т. Кулдановтың 2024 жылы бітірушілердің жұмысқа орналасу нәтижесі туралы есебі.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Н.Т. КУЛДАНОВ – Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға 2024 жылы бітірушілердің жұмысқа орналасу нәтижесі туралы есепті ұсынамын және бекітуді сұраймын:

2024 жылы Қазақ ұлттық консерваториясын 291 түлек бітіріп шықты, оның ішінде 243 бакалавр, 47 магистрант және 1 докторант.

Түлектердің жалпы саны	291
Бакалавр	243
Магистратура	47
Докторантура	1

Бакалавриат бойынша. Мамандық бойынша бітіріп шыққандар:

Бакалавр білім деңгейі нешінде келесі білім бағдарламалары бойынша: «Музыкатану» – 4, «Композиция» – 5, «Арт-менеджмент» – 19, «Вокалдық өнер» – 28, «Дирижерлеу» – 42, «Музыкалық білім беру» – 17, «Аспаптық орындаушылық» – 57, «Дәстүрлі музыкалық өнер» – 86 түлек тәмамдады.

1. Жұмысқа орналасқандардың саны – 183 студент, бұл 75,3% құрайды.

2. Консерваторияны бакалавриат бойынша бітіріп, Консерватория магистратурасына түскендер саны – 36 адам, бұл 14,8% құрайды.

3. Декреттік демалыста – 8 адам, 3,3%.

4. Жұмысқа орналаспағандар саны – 16 адам, 6,5%.

5. БАРЛЫҒЫ: 93,5% (жұмысқа орналасқандар, магистратураға түскендер және декреттік демалыстағылар).

Магистратура мен докторантура бойынша бітіріп шыққандар:

Магистратура:

✓ Жалпы бітіргендер саны: 47 адам.

✓ Жұмысқа орналасқандар: 46 адам, бұл жалпы бітіргендер санының 97,87% құрайды.

✓ Декреттік демалыста 1 адам, бұл 2,13%.

Докторантура:

Жалпы бітіргендер саны: 1 адам.

Жұмысқа орналасқандар: 1 адам, бұл 100%.

Факультеттер бойынша:

1. «Халық музыкасы» факультеті – 8 студент;

2. «Вокал және дирижерлеу» факультеті – 5 студент;

3. «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті – 3 студент.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиған 10 студент (грантта), ал ақылы түрде оқыған 6 студент жұмысқа орналасқан жоқ. Олардың аты-жөндері келесі кестеде көрсетілген:

Аты-жөні	Категория	Факультет
Ахмедьярова Анель Сырымовна	Мемлекеттік тапсырыс (басқалар)	«Халық музыкасы» факультеті
Далелжан Мақпал	Мемлекеттік тапсырыс (басқалар)	«Халық музыкасы» факультеті

Ермекбаев Жарасхан Жалғасұлы	Мемлекеттік тапсырыс (басқалар)	«Вокал және дирижерлеу» факультеті
Кенебаева Амина Айдаровна	Мемлекеттік тапсырыс (басқалар)	«Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті
Көшенова Гулзира Елтайқызы	Мемлекеттік тапсырыс (басқалар)	«Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті
Кусманов Досжан Серикханович	Мемлекеттік тапсырыс (басқалар)	«Халық музыкасы» факультеті
Паржан Әлихан Зұлпұхарұлы	Мемлекеттік тапсырыс (басқалар)	«Халық музыкасы» факультеті
Рахметола Карина	Мемлекеттік тапсырыс (басқалар)	«Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті
Саниязбекұлы Айдос	Мемлекеттік тапсырыс (басқалар)	«Халық музыкасы» факультеті
Шораев Бекзат Сәрсеналиұлы	Мемлекеттік тапсырыс	«Вокал және дирижерлеу» факультеті
Әбдібіләл Мақсат	Ақылы	«Халық музыкасы» факультеті
Болат Бауыржан Сырымбетұлы	Ақылы	«Халық музыкасы» факультеті
Жанділда Жасмин Әлімжанқызы	Ақылы	«Вокал және дирижерлеу» факультеті
Мұхаметқалиева Әйгерім Аманбайқызы	Ақылы	«Вокал және дирижерлеу» факультеті
Оханов Бекзат Нарбекұлы	Ақылы	«Халық музыкасы» факультеті
Шнаров Азамат Асылбекович	Ақылы	«Вокал және дирижерлеу» факультеті

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

Наурыз Талғатұлы, министрлікке жұмысқа орналасу нәтижесі туралы есеп міндетті түрде білім беру бағдарламалары бойынша беріледі.

Н.Т. КУЛДАНОВ – Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор:

Жақсы, есепті БББ бойынша дайындап қоямыз.

2024 жылы бітірушілердің жұмысқа орналасу нәтижесі туралы есептің бекітілуі бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 29 адам (жалпы ҒК мүшелері 31 адам, 2 қатыспады); «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

2. 2024 жылы бітірушілердің жұмысқа орналасу нәтижесі туралы есеп бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

3. ТЫҢДАЛДЫ: Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі Б. Бабижанның Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының 2024-2025 оқу жылына арналған жоспары мен болашағы туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Б. БАБИЖАН – Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға 2024-2025 оқу жылына арналған жоспары мен болашағы туралы баяндаманы ұсынамын және бекітулеріңізді сұраймын.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық ғылыми-зерттеу лабораториясының жұмысы ел ішіндегі өнерпаздарды жазып алып, олардың шығармаларын нотаға түсіріп, жинақ етіп шығаруға, ол жинақтарды оқу процесіне енгізуге, сол арқылы өнерпаздардың шығармашылығын насихаттауға негізделген. Сондай-ақ, студент, магистрант, докторанттардың зерттеу жұмысына байланысты материалдарын, және сырттан келетін ізденушілердің аудио таспаларын тауып көшіріп беруге, Лаборатория қорын үнемі толықтырып отыруға, оқу бағдарламасына жаңа ноталық үлгілерді, үнтаспаларды ұсынып отыруға бағытталған.

Концерттер

1. 2003 жылдың соңында фольклорлық кабинетке ізденіп келіп жүрген студент магистранттарға қордағы ән-ғ күй термелер таратылып ҚҰК., Ғ.Жұбанова атындағы концерттік залында Фольклорлық ғылыми-зерттеу лабораториясының 65 жылдығына арналған «Ел ішіндегі естілмеген әндер» атты концерті берілді (05.12.2023).

Сұхбаттар

2. Фольклорлық кабинеттің 65 жылдығына арналған «Шалқар» радиосының «Ән-аманат» хабарына лаборатория жетекшісі Б.Бәбіжан студенттермен бірге ФҒЗЛ қорындағы естілмеген ән-күйлерді алтын қорға жазды (20.12.2023)

3. Құрманғазы атындағы ҚҰК-да өткізілген «Традиционная песня и эпическое искусство в современном мире: теория и практика» атты Ақан серінің 180 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференциясына «Фольклорлық ғылыми-зерттеу лабораториясындағы Ақан сері әндері» атты тақырыбында баяндама жасалды. Баяндамашы - Б.Бәбіжан (12.12.2023)

4. 2004 жылдың басында «Қазақстан» теле арнасынан келіп түскен сұраныс хатқа байланысты лаборатория қызметкерлерімен қаңтар-ақпан айларында лабораториядан 20 диск көшіріліп берілді, әр дискіде 20 дан аса шығармалар бар.

5. ФҒЗ ның ресми instagram және facebook парақшалары ашылды
https://www.instagram.com/konservatory.folk_kabinet?igsh=MWl1bXdoYTk2cXAwZg==https://youtu.be/LLdJt6nlLbQ?si=GgF2Op8Z3a5pfndZ

6. Ақан серінің 180 жылдығына орай Фольклорлық ғылыми-зерттеу лабораториясындағы Ақан сері әндері бойынша жинақталған «Маңмаңгер» атты ноталық жинақты баспаға дайындалды

7. «Қалалық фольклор» жобасының аясында Алматы қаласының әнші-зейнеткер тұрғындарынан әндерді жазып алу жұмыстары жыл бойы жалғасып отырды

8. Мәскеу консерваториясының К.Квитка атандағы НИФЛ қызметкері Марина Альтшуллердың қызметкеттік хатына байланысты 1981 жылғы экспедиция материалдары бойынша лаборатория қорындағы орыс музыкасың үлгілері көшіріліп берілді

9. 2019 жылды экспедиция нәтижесі бойынша «Оңтүстік-Қаратау дәстүрлі әндері» музыкалық-этнографиялық жинағы дайындалуда

10. Экспедиция кезінде табылған Зерттеуші Райымқұл Темірбаевтың «Оңтүстік өңірінің әндері» атты жинағы баспаға дайындалуда

11. Құрманғазы атындағы ҚҰК-да өткізілген ғылым апталығына байланысты «Халық әні» кафедрасы өткізген дөңгелек үстелде «ФҒЗЛ қорындағы Сакен Сейфуллинның әндері» аатты тақырыбында баяндама жасалды. Баяндамашы - Б.Бәбіжан Ғылым апталығы. Дөңгелек үстел 08.04.2024

12. ҰҒА, М.Әуезов институты, А.Темірбекованың 95 жылдығына арналған дөңгелек үстелде «ФҒЗЛ қорындағы музыка зерттеушісі А.Темірбекованың экспедициялары» атты баяндама жасалды 17.04.2024

13. Мамыр айында «Ғ.Құрманғалиевтың естілмеген әндері» тақырыбында «Халық әні» кафедрасының 2 курс студенттеріне шеберлік сабақ өткізілді

14. Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасынан келіп түскен хат бойынша Фольклорлық зертхана мұрағатындағы Маңғыстау экспедицияларының материалдарын көшіріліп берілді

15. Талғар ауданы Нұра ауылының тұрғыны ҚХР көшіп келген Жалғас Мұқайқызынан 10 ән жазылып алынды

16. 2024 жылдың жаз айларында Алматы облысының Жамбыл ауданының Мыңбаев аулына, Талғар ауданының Нұра ауылдарына экспедиция жасалды

17. Тамыз айында Консерваторияның 80 жылдығына орай және фольклорлық лабораторияның 66 жылдығына байланысты «Абай ТВ» арнасы «Музыка великой степи» бағдарламасыны ФҒЗЛ хабарға түсірді

18. 2024-2025 оқу жылының басынан бастап 2019 жылғы экспедиция нәтижесінде «Жамбыл облысының музыкалық мұрасы» атты жинақ дайындалуда

19. Маңғыстау ОХШО қызметкерлері С.Құдайберген және А.Тасқара келіп шеберлік сынып өткізді

20. Кенен Әзірбайұлының 140 жылдығына орай «Халық әні» кафедрасы студенттеріне арналған аудио-көрме өткізілді

2024 жылдың қыркүйегінен желтоқсанына дейінгі іс-шаралар тізімі:

№	Іс шаралар/қызметі туралы атауы	Жауапты тұлға	Орындау мерзімі	Орындау туралы белгі/нәтиже сипаттамасы
Қыркүйек				
1	Жазғы экспедиция материалдарымен жұмыс жасау	Бөлім қызметкерлері	қыркүйек	Әндерді нотаға түсіру
2	2019 жылғы экспедиция нәтижесінде «Жамбыл облысының музыкалық мұрасы» атты жинақ дайындау	Бөлім қызметкерлері	қыркүйек	Әндерді компьютерге көшіру, нотаға түсіру, редакциялау
3	Фольклорлық кабинет қорындағы ленталы дыбыс жазбалар электронды нұсқаға көшіру	Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е. Пазылова А.	қыркүйек	20 магниттік таспалы лента
4	Консерватория студенттеріне дипломдық жұмыстарына қатысты таспалар дайындау	Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	қыркүйек	Зертхана журналымен, қорымен жұмыс істеу
5	Кенен Әзірбайұлының 140 жылдығына орай «Халық әні» кафедрасы студенттеріне арналған аудио-көрме	Бөлім қызметкерлері	қыркүйек	Қордағы Кенен Әзірбаевтың таспаларын әзірлеу
6	Фольклорлық кабинеттің 65 жылдығына, консерваторияның 80 жылдығына арналған «Сарқылмас қазына» атты жинақты баспаға дайындау	Бөлім қызметкерлері	қыркүйек	Бұрын жұмыс істеген қызметкерлердің өмірбаян, шығармашылықтарын толықтыру
Қазан				

7	Фольклорлық лабораторияның қорындағы қолжазба қорын жүйелеп «Фольклорлық жанралар» атты жинақ құрастыру, ноталарды іріктеп баспаға дайындау	Бөлім қызметкерлері	қазан	Жинақты редакциялау
8	Каталог-журналдарды жаңарту, толықтыру	Бәбіжан Б. Дарибаева А. Әбиділда М.	қазан	Қолжазба қорымен жұмыс істеу
9	Фольклорлық лабораторияның қорындағы таспалардың мазмұнын жаңарту	Пазылова А. Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	қазан	Архивпен жұмыс
10	«Қалалық фольклор» жобасының аясындағы ел ішінен ән жинау жұмыстарын жалғастыру	Бөлім қызметкерлері	қазан	Әлеуметтік желідегі хабарландыру арқылы келген аудио және видео жазбаларды жүйелеу
11	Музыка зерттеушісі, ғалым А.З. Темірбекованың 95 жылдығына арналған дөңгелек үстел	Бәбіжан Б. Әбиділда М. Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	қазан	Қолжазба қорымен жұмыс істеу
12	Музыка зерттеушісі, ғалым А.А.Нұрбаевтың 75 жылдығына арналған ғалымның шығармашылығы жөнінде лекция	Бәбіжан Б. Әбиділда М. Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	қазан	Қолжазба қорымен жұмыс істеу
Қараша				
13	С.Сейфуллинның 130 жылдығына орай «Халық әні», «Домбыра» кафедрасы студенттеріне арналған дөңгелек үстел	Бәбіжан Б. Пазылова А. Дәрібаева А. Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	қараша	Қордағы Сәкен Сейфуллинның әндері мен әкесі Сейфолланың күйлерін әзірлеу

14	«Халық музыкасы» факультеті студенттеріне Фольклорлық лаборатория қорын және жұмысын таныстыру	Бөлім қызметкерлері	қараша	Тұсаукесер ұйымдастыру
15	Күйші Уәли Бекеновтың 90 жылдығына орай «Домбыра» кафедрасы студенттеріне арналған аудио-көрме	Бөлім қызметкерлері	қараша	Қордағы Уәли Бекеновтың таспаларын әзірлеу
16	Әнші Жүсіпбек Елебековтың 120 жылдығына арналған «Халық әні» кафедрасы студенттеріне арналған аудио-көрме	Бөлім қызметкерлері	қараша	Қордағы Жүсіпбек Елебековтың таспаларын әзірлеу
17	Фольклорлық кабинеттің 65 жылдығына, консерваторияның 80 жылдығына арналған «Сарқылмас қазына» атты жинақтың тұсаукесерін ұйымдастыру	Бөлім қызметкерлері	қараша	Ұйымдастыру жұмыстарын реттеу
Желтоқсан				
18	Музыка зерттеуші, ғалым Саида Елеманованың 75 жылдығына арналған дөңгелек үстел	Бөлім қызметкерлері	желтоқсан	Ғалымның экспедицияларына қатысты лекция-шолу жасау
19	Қобызшы Қазбек Әбеновтың 110 жылдығына арналған «Қобыз, баян» кафедрасы студенттеріне арналған аудио-көрме, лекция ұйымдастыру	Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е	желтоқсан	Қордағы Қазбек Әбеновтың таспаларын әзірлеу
20	Әнші Жәнібек Кәріменовтың 75 жылдығына арналған аудио-көрме	Бөлім қызметкерлері	желтоқсан	Қордағы Жәнібек Кәріменовтың таспаларын әзірлеу

21	Консерваторияның 80 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференцияға қатысу	Бәбіжан Б. Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	желтоқсан	Қордағы материалдарды ғылыми мақалаларда пайдалану
22	Экспедициялардан жазылып алынған материалдар нәтижесінде «Ел ішіндегі естілмеген ән-күйлер» атты концерт ұйымдастыру	Бөлім қызметкерлері	желтоқсан	жоспарлау
2025 ж. Қаңтар				
23	Фольклорлық кабинет қорындағы 1988 жылда қайта жазудан өткен ленталы дыбыс жазбалар электронды нұсқаға ауыстыру	Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е	қаңтар	20 магниттік таспалы лента
24	Қарағанды облысы бойынша жазылған экспедициялық материалдарды көшіру	Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	қаңтар	30 таспа
25	2019 ж. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша экспедиция әндерін нотаға түсіру	Пазылова А. Дарибаева А.	қаңтар	Экспедиция материалдары
26	Күйші Таласбек Әсемқұловтың 70 жылдығына арналған дөңгелек үстел.	Бөлім қызметкерлері	қаңтар	Қордағы Таласбек Әсемқұловтың экспедициялық материалдарын әзірлеу
Ақпан				
27	«Қалалық фольклор» жобасының аясындағы ел ішінен ән, күй, жыр жинау жұмыстарын жалғастыру	Бөлім қызметкерлері	ақпан	Әлеуметтік желідегі хабарландыру арқылы келген аудио және видео жазбаларды жүйелеу

28	Консерваторияға тағылымдамаға келетін және консерватория магистранттарына магистрлық жұмыстарына қатысты таспалар дайындау	Бөлім қызметкерлері	ақпан	Қормен жұмыс істеу
29	«Халық әні», «Домбыра» және «Қобыз, баян» кафедрасы ұстаздарының класс-концерттерінде орындалатын сирек шығармаларды видео таспаға жазып алу	Әлімкүл Е. Казмұхамбетов Е.	ақпан	Концерттің таспасын фольклорлық кабинет қорына қосу
30	Экспедиция барысында табылған Р.Темірбаевтың «Оңтүстік-Қаратау өңірінің халық әндері» атты қолжазбасы бойынша музыкалық-этнографиялық жинақ дайындау	Бәбіжан Б. Пазылова А. Дарибаева А.	ақпан	Әндерді нотаға теру, текстпен жұмыс істеу
31	А.Затаевичтың «Қазақ халқының 1000 әні» кітабының 100 жылдығына орай концерт	Бөлім қызметкерлері	ақпан	Қордағы тың әндерді студенттерге үйретіп сахнаға шығару
Наурыз				
32	Консерватория студенттеріне дипломдық жұмыстарына қатысты таспалар дайындау	Бөлім қызметкерлері	наурыз	Зертхана журналымен, қорымен жұмыс істеу
33	«Алматы қаласының қазіргі ән фольклоры» жобасының электронды нұсқасын	Бөлім қызметкерлері	наурыз	Әндерді компьютерге көшіру

	дайындау, лаборатория ютуб-каналына жүктеу			
34	Жазғы экспедиция материалдарымен (Алматы облысы, Талғар ауданы) жұмыс жасау	Бәбіжан Б. Пазылова А. Дарибаева А. Әбиділда М.	наурыз	Әндерді нотаға түсіру
35	Фольклорлық кабинет қорындағы ленталы дыбыс жазбалар электронды нұсқаға ауыстыру	Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	наурыз	20 магниттік таспа
36	Композитор, лаборатория ардагері Теміржан Базарбаевтың 90 жылдығына арналған дөңгелек үстел	Бөлім қызметкерлері	наурыз	Т.Базарбаевтың шығармашылығы туралы лекция дайындау
Сәуір				
37	П.И.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясы, К. Квитка атындағы Халық музыкасының ғылыми орталығымен музыкалық материал алмасу	Бәбіжан Б.	сәуір	Жауапты қызметкер: Мәскеу консерваториясының НЦНМ қызметкері Альтшуллер М.С.
38	Зерттеуші Райымқұл Темірбаевтың «Өңтүстік өңірінің әндері» атты жинағын баспаға дайындау, тұсаукесерін өткізу	Бәбіжан Б. Пазылова А. Дарибаева А. Әбиділда М.	сәуір	Кітап тұсаукесерін ұйымдастыру
39	Қайрат Байбосыновтың 75 жылдығына арналған дөңгелек үстел	Бәбіжан Б. Пазылова А. Дарибаева А. Әбиділда М.	сәуір	Дөңгелек стол ұйымдастыру
40	Күйші Н.Тілендиевтың 100 жылдығына орай «Халық музыкасы» факультетінің	Бөлім қызметкерлері	сәуір	Қордағы аудио таспаларды дайындау

	студенттеріне арналған аудио-көрме			
41	Фольклорлық лабораторияда қорындағы Ақан сері әндерінен жинақталған «Маңмаңгер» атты жинағын баспаға дайындау	Бөлім қызметкерлері	сәуір	Жинақты редакциялау
42	Фольклорлық лабораторияның қорындағы қолжазба қорын жүйелеп, ноталардан жинақ құрастыру	Бәбіжан Б. Дарибаева А. Әбиділда М.	сәуір	Қолжазба қорымен жұмыс істеу
Мамыр				
43	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ң студиясымен бірлесе отырып, консерватория ұстаздары мен ерекше тұлғаларын жазып алып, ютуб арнасына шығару	Әбиділда М.Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	мамыр	Консерватория ұстаздары мен студенттерімен жұмыс жүргізу
44	Экспедиция. ФҒЗЗ-ның ұжымымен Алматы облысы, Қарасай ауданына фольклорлық экспедиция шығу	Бәбіжан Б. Пазылова А. Әбиділда М.Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	мамыр	Әжелер ансамблінің мүшелерінен әндер жазып алу
	Фольклорлық зертхана мұрағатын толыққанды электрондық жүйеге көшіріп, электрондық каталог жасау	Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	мамыр	Каталог жасау
45	«Жамбыл облысының музыкалық мұрасы» атты жинағының тұсаукесерін өткізу	Бөлім қызметкерлері		Тұсаукесер жұмыстарын ұйымдастыру
Маусым				

46	Экспедиция. Алматы облысы, Іле аудандарына фольклорлық экспедицияға шығу	Бөлім қызметкерлері	маусым	жоспарлау
47	Б.Ерзаковичтың «Ғашықтың әндер антологиясы» атты музыкалық-этнографиялық жинағын қазақ тіліне аудару, баспаға дайындау	Бәбіжан Б. Әлімқұл Е. Казмұхамбетов Е.	маусым	Әндерді нотаға түсіру
48	Экспедиция. Алматы облысы, Жамбыл ауданы Қайназар, Шиен, Дегерес ауылдарына экспедицияға шығу	Бөлім қызметкерлері	маусым	жоспарлау
Шілде				
49	Фольклорлық кабинет қорындағы 1988 жылда қайта жазудан өткен ленталы дыбыс жазбаларды электронды нұсқаға көшіру		шілде	20 магниттік таспалы лента
50	Алматы облысы Кеген, Нарынқол аудандарына экспедиция	Бөлім қызметкерлері	шілде	Нотаға түсіру
51	Экспедиция материалдарын тіркеу	Дарибаева А. Әбиділда М.	шілде	Журнал, каталогпен жұмыс істеу
Тамыз				
52	Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданына экспедиция жасау	Бөлім қызметкерлері	тамыз	Қормен жұмыс істеу
53	Экспедиция материалдарын тіркеу	Пазылова А. Әлімқұл Е.	тамыз	Әндерді нотаға түсіру

		Казмұхамбетов Е.		
--	--	---------------------	--	--

Г.З. БЕГЕМБЕТОВА – Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор:

Бағлан Жолдасқызы, Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының алдында қандай өзекті проблемалар тұр?

Б. БАБИЖАН – Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі:

Зертханамызда өте құнды материалдар бар. Оларды міндетті түрде арнайы ауа температурасында сақтауымыз қажет, яғни сақтау бөлмесіндегі температура қатты суықта, ыстықта болмау тиіс. Сондықтан ең басты керек құрал жабдықтардан бірі – бұл температураны бір қалыпта ұстайтын кондиционер. Материалдарды цифрландыру үдерісінде бізге көлемі үлкен қатты дисктер керек.

Н.Т. КУЛДАНОВ – Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор:

Бұлтты технология бойынша «Бұлт» сатып алуға болмайма. Бұл өте ыңғайлығой.

А.М. ДЖУМАГАЛИЕВА – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер.

Бағлан Жолдасқызы, Сіз айтып өттіңіз видео форматындағы материалдар цифрландырылып Ютуб каналымызға жүктеліп жатыр дедіңіз. Онда барлық адамдар жүктеп аладығой. Ал біз құнды материалдарды ақшаға сатып аламыз. Бұл қалай болғаны?

Б. БАБИЖАН – Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі:

Ия, мен жоғарыда айтып өттім, бірақ Ютуб каналымызға салғанымызбен біз оны әлі жариялаған жоқпыз.

З.Ш. ИЗМУРАТОВА – «Көне музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі.

Қайырлы күн, құрметті әріптестер.

Бағлан Жолдасқызы, Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханада тек әндер ғана барма? Күйлер топтамасы барма?

Б. БАБИЖАН – Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі:

Әрине бар. Есепте барлығы көрсетілген. Қысқаша айтып өтіңіз деген соң күйлер туралы айтылмай кетті. Негізі зертхананың есігі барлықтарыңыз үшін ашық. Құнды материалдар міндетті түрде қызметтік хат негізінде беріледі.

С.И. УТЕГАЛИЕВА – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымдарының докторы, профессор (БҒСБК):

Рахмет Бағлан. Есеп түсінікті болды. Бірақ жүйелі түрде болған жоқ. Келесі жолы есепті жүйелі түрде берсеңіз, яғни Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертхана қай бағыттарда жұмыс істейді және әр бағыттар бойынша нақты орындалатын жұмыстарды айқын айтып өтсеңіз.

Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының бекітілуі бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 29 адам (жалпы ҒК мүшелері 31 адам, 2 қатыспады); «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

3. Фольклорлық ғылыми-зерттеу зертханасының 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

4. ТЫҢДАЛДЫ: ҒК төрағасы, ректор Г.К. Тасбергенованың профессор-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерін ведомстволық наградаларға ұсыну туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Құрметті ҒК мүшелері. «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Қазақстан Республикасының мәдениетін, өнерін, рухани әлеуетін дамытуға қосқан елеулі үлесі мен сіңірген зор еңбегі үшін келесі профессор-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерін «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісіне ұсынамын:

1) Кулданов Наурыз Талгатович – Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор;

2) Сиротин Виталий Викторович – Ректор аппараты қызметінің басшысы;

3) Баяхунова Найля Яхиевна – «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ансамбль өнері» кафедрасының доценті;

4) Дальденбай Бейбут Абилович – «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері;

5) Кожаметов Султан Тайгараевич – «Халық музыкасы» факультеті «Қобыз және баян» кафедрасының аға оқытушысы;

6) Бактыгереева Айгуль Мухтаровна – «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Жалпы фортепиано» кафедрасының аға оқытушысы;

7) Оспанова Тогжан Умурзаковна – «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының қауымдастырылған профессоры;

8) Скрипченко Елена Анатольевна – «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасының концертмейстері;

9) Бринюк Снежана Анатольевна – «Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультеті «Вокалдық өнер» кафедрасының доценті;

10) Сулеева Гульжан Созакпаевна – «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры;

11) Игілік Баян Қалдыбекқызы – «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының доценті;

12) Халилова Корлан Маратовна – «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы;

13) Несипбаев Адиль Габитович – «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Арнайы фортепиано» кафедрасының аға оқытушысы.

Барлық кафедра меңгерушілері ұсынылған кандидаттар бойынша негіздеме қорытындыны ұсынды (хаттамаға қоса тіркелді).

Профессор-оқытушылық құрамы мен қызметкерлердің ведомстволық награда – «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісіне ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі (барлық кандидаттар үшін): «жақтап» дауыс бергені – 29 адам (жалпы ҒК мүшелері 31 адам, 2 қатыспады); «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

4. Жоғарыда ұсынылған профессор-оқытушылық құрамы мен қызметкерлер «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі ведомстволық наградасына ұсынылсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

5. ТЫҢДАЛДЫ. Әртүрлі. 5.1 Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Н.Т. Кулдановтың «Sanaly Urpaq» мен «Дебют» студенттік театр клубтарының Ережелерін бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Н.Т. КУЛДАНОВ – Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор:

Құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға «Sanaly Urpaq» мен «Дебют» студенттік театр клубтарының Ережелерін ұсынамын және бекітуді сұраймын.

«Sanaly Urpaq» клубы Алматы қаласының әкімдігі, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Департаменті мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бастамасымен жүзеге асырылған бірдей аттас жоба аясында жұмыс істейді. Бұл клуб Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі үрдістерін көрсетеді және консерватория студенттері үшін ерікті қоғамдық қызмет түрін білдіреді.

Бұл ереже клуб мүшелерінің өзара қарым-қатынасын реттейтін, клубтың жұмысын ұйымдастыруды және оның тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін құжат болып табылады.

Студент жастардың, болашақ магистрлер мен докторлардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, олардың білім беру жүйесінде ғана емес, кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты жоюы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық үлгілерін игеруі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат көшбасшылары мәртебесіне ие болуын қамтамасыз ету клубтың мақсаты болып табылады.

Ережеде клубтың міндеттері, құрылымы, жұмыс тәртібі, клубқа мүшелердің құқықтары мен міндеттері көрсетілген.

Студенттік театр деп негізгі қызметі спектакльдерді, халықтың сахналық өнерге деген қажеттілігін қалыптастыру және қанағаттандыру мақсатында студенттердің күшімен басқа да көпшілік қойылымдарды дайындау және көрсету болып табылатын ұйым.

Студенттік театр Консерватория студенттерінің мәдени қызметін күшейту, студенттердің шығармашылық қабілетін толық ашу және пайдалану мақсатында құрылады. Студенттік театрдың қызметінде студенттің дербестік және өзін-өзі басқару принциптерін жан-жақты және дәйекті жүзеге асыру болып табылады.

Консерватория студенттер театры көрермендерге арналған спектакльдерді ойнауға, шығармашылық оқуды ұйымдастыруға, өзіндік репертуарды құру бойынша тәжірибелік жұмыс жүргізуге, жаңа мәнерлі құралдарды іздеуге, сахналық өнерді насихаттауға арналған.

Бұл екі құжат Сіздерге алдын ала жіберілген болатын. Танысып шыққансыздар. Ережелер бойынша сұрақтарыңыз болса жаап беруге дайынбын.

«Sanaly Urpaq» мен «Дебют» студенттік театр клубтарының Ережелерін бекітілуі бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 29 адам (жалпы ҒК мүшелері 31 адам, 2 қатыспады); «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

5.1 «Sanaly Urpaq» мен «Дебют» студенттік театр клубтарының Ережелері бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

5. ТЫНДАЛДЫ. Әртүрлі. 5.2 Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD) Г.К. Тасбергенованың Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Құрметті профессор» атағын беру туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Құрметті ҒК мүшелері. ҚР Қазақ ұлттық өнер университеті «Фортепиано» кафедрасының (ЖАК) профессоры – Нұрлан Тохтарұлы Измайловты Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Құрметті профессор» атағына ұсынамын.

«Асаптық орындаушылық» факультетінің деканы А.С. Бекенова Нұрлан Тохтарұлы Измайловтың «Құрметті профессор» атағына ұсыну бойынша негіздеме қорытындысын ұсынды (хаттамаға қоса тіркелді).

ҚР Қазақ ұлттық өнер университеті «Фортепиано» кафедрасының (ЖАК) профессоры – Нұрлан Тохтарұлы Измайловты Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Құрметті профессор» атағына ұсыну бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 29 адам (жалпы ҒК мүшелері 31 адам, 2 қатыспады); «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

5.2 ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Қазақ ұлттық өнер университеті фортепиано кафедрасының (ЖАК) профессоры – Нұрлан Тохтарұлы Измайловқа Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Құрметті профессор» атағы берілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.



Г. Тасбергенова

Ш. Аманжолова